

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде Мал дәрігерлігі комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 сәуір N 472. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.01. N 143 қаулысымен. ~P000143

"Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2377 K952377_ қаулысын жүзеге асыру үшін және мал дәрігерлігі саласында мемлекеттік басқару, үйлестіру және бақылау жүйесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде таратылатын Мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекциясының негізінде дербес заңды тұлға құқығымен (Бас басқарма құқығымен) оның ішінде "Қазақстан Республикасының жекелеген министрліктері мен ведомстволарының есеп-қаржы қызметін орталықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 тамыздағы N 1000 P961000_ қаулысына сәйкес 13 бірлік Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының адам санын қысқарту есебінен және 7 бірлік министрліктер мен ведомстволар орталық аппаратының адам санын қысқарту есебінен 20 адам құрамымен Мал дәрігерлігі комитеті (бұдан былай - Комитет) құрылсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.10.02.

N 1212 қаулысымен. P961212_

2. Былай деп белгіленсін:

Мал дәрігерлігі комитеті мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің жүйесіне басшылықты және мал дәрігерлігі саласында бірыңғай саясат жүргізуді қамтамасыз ететін мал дәрігерлігін басқарудың республикалық органы болып табылады;

Мал дәрігерлігі комитетінің құрамына заңды тұлға құқығымен мемлекеттік мал дәрігерлігі аумақтық басқару органдары кіреді.

3. Мал дәрігерлігі Комитетінің басты міндеттері:

малдың денсаулығын қорғауға, мал мен адамға ортақ аурулармен күресуге, республика аумағын ерекше қауіпті жұқпалы мал ауруларын әкелуден қорғауға бағытталған мал дәрігерлігі шараларын ұйымдастыру және олардың орындалуына бақылау жасау;

малдан алынатын өнімдер мен шикізаттардың сапасына мал дәрігерлік-санитарлық бақылауды қамтамасыз ету;

жеке және меншіктің барлық нысанындағы заңды тұлғалардың мал дәрігерлігі ережелерін сақтауын қадағалау қызметін жүзеге асыру;

қоршаған ортаны мал дәрігерлік-санитарлық тұрғыда ластаудың алдын алу және мал дәрігерлігіне биологиялық, химиялық және басқа препараттарды қолдануға бақылау жасау болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір

ай мерзімде Мал дәрігерлігі комитеті туралы ережені, оның құрылымы мен құрамына енетін аумақтық бөлімшелерінің тізбесін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

5.

<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27.

N 1656 қаулысымен.

P961656_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі